



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 41 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының 2018 жылға арналған ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын мақұлдау туралы

2017 жылғы 8 желтоқсан

Алматы қ.

2017 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы Қазақстан Республикасының 2018 жылға арналған ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарын мақұлдады. Құжатта ақша-кредит саясатының 2017 жылғы шаралары, сондай-ақ 2018 жылға арналған нысаналы бағдарлар, саясаттың қағидаттары мен бағыттары қамтылған. Ақша-кредит саясатының шаралары инфляция бойынша 4%-дан төмен орта мерзімді мақсатқа қол жеткізуге бағытталатын болады.

Ақша-кредит саясатының негізгі бағыттарында 2020 жылға және одан кейінгі жылдары инфляция бойынша орта мерзімді мақсат төмен, бірақ 4%-ға жуық деп айқындалған. Сонымен бірге инфляция бойынша келесі 2 жылға арналған аралық нысаналы өлшемдер көрсетілген: 2018 жылдың соңында – 5-7%, 2019 жылдың соңында – 4-6%.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын инфляциялық таргеттеу және теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамы саясаты режимінде іске асыруды жалғастыратын болады. Инфляциялық таргеттеу режимі инфляцияны тиімді түрде төмендетуге және оны баға тұрақтылығын білдіретін деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді, бұл ұзақ мерзімді перспективада экономиканың өсуіне оң ықпал етеді.

Инфляция бойынша мақсаттарға жету үшін Ұлттық Банк инфляцияның болжанатын деңгейіне және басқа өлшемдерге қатысты базалық пайыздық мөлшерлеме белгілейді. Нақты көрсетілген базалық мөлшерлеме, яғни инфляцияның 12 айға арналған болжанатын мәнін шегергендегі номиналдық мөлшерлеме 4%-дан жоғары болмайтын деңгейде ұсталып тұрады.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк трансмиссиялық тетіктің арналарын жетілдіру бойынша, кірістіліктің барабар қисығын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау бойынша, халықтың инфляциялық күтулерін тұрақтандыру бойынша жұмысты жалғастырады. Ақша-кредит саясаты құралдарының жиынтығы стандартты болып қалады, бұл ретте жекелеген элементтерді жетілдіру бойынша жұмыс жалғасады. Коммуникациялар жүйесін одан әрі құру арқылы экономика субъектілерінің күтулерін басқаруға маңызды мән беріледі.

Инфляция бойынша мақсаттарға қол жеткізуді қолдаудың қосымша шараларының арасында банк секторын қалыпқа келтіру, экономиканы долларсыздандыруды ынталандыру, валюталық реттеуді және валюталық бақылауды оңтайландыру жөніндегі шаралар айқындалды.

Құжатпен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі интернет-ресурсының «Ақша-кредит саясаты» бөлімінен толығырақ танысуға болады
<http://www.nationalbank.kz/?docid=320&switch=kazakh>.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz